

**Талап ауылының №14 ЖББ мектебі 2023-2024 оқу жылында
әлеуметтік педагогтың жылдық есебі**

Әлеуметтік педагогика мақсаты- оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Отбасы . Бала. Мектеп.

Бір –бірінен ажырағысыз үш ұғым.

Отбасы бар жерде бала бар,

Бала бар жерде мектеп бар.

Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

- Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың құжаттарын рәсімдеу;
- Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларының тізімін жасау;
- Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларын тегін оқулықпен қамтамасыз ету;
- Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау және бекіту;
- Үйден оқытуды қажет ететін оқушылардың тізімін анықтау және үйде оқыту жұмыс жоспарының орындалуын қадағалау;
- Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі және облыстық білім басқармасымен «Мектепке барар жол» атты басшылыққа ала отырып, мекеме басшыларымен, кәсіпкерлермен бірігіп қамқорлық акциясын ұйымдастыру;
- Аудандық және президенттік «Жасыл шырша» мерекесіне қатысатын оқушыларды таңдау және жіберу;

Аз қамтылған жағдайы төмен, көп балалы отбасы балаларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың құжаттары тамыз айының 10 нан бастап қыркүйек айының 1 не дейін жинақталып, мемлекет тарапынан тегін ыстық тамақпен қамтылуға 20 оқушының ата –анасы өтініш жазып, құжаттарын өткізді.

Оның азқамтылған отбасы саны 11, бала саны 30, оқушы саны 20, көпбалалы отбасылар саны 16 оның ішіндiгi бала саны 66, оқушы саны 36 Мектеп бойынша асыраушысынан айырылған отбасы саны 3 ондағы бала саны 4, оқушы саны 3, Туысқандарының отбасында тәрбиеленуші оқушы саны 9, туысқандарының атына сенім хаттары рәсімделген.

Толық емес отбасы саны 5 ондағы бала саны 7, оқушы саны -3

Толық отбасы саны- 55 бала саны-145, оқушы саны -86

Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы бұйрығы шығып №14 жалпы білім беретін мектебінде ыстық тамақтандыру ұйымдастырылды. Соған байланысты балалардың үй – жайына, ата-

анасының табысына қарап ыстық тамақпен аз қамтылған және көп балалы отбасыларының оқушылары іріктеліп алынды.

Аз қамтамасыз етілген, көпбалалы отбасының 20 оқушысы және 1-4 сыныптың 5 оқушысы 446 теңге 43 тиын көлемінде тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

1 ауысымда 1-4 сыныптарда 46 оқушы, оның 7 оқушысы халықтың әлеуметтік осал тобынан, 5-9 сыныбында 45- оқушы оның 10 оқушысы және 11 сыныптан 1 оқушы халықтың әлеуметтік осал тобының оқушылары.

Оқушылардың тегін дұрыс сапалы тамақтануы мақсатында арнайы мектеп әкімшілігінен, сынып жетекшілерден, ата-аналардан комиссия құрылып бұйрықпен бекітілді. Арнайы бекітілген ас мәзірі, күнделікті ілініп отырады. Асханадағы азық түлік сапасын сақтау, мерзімін қадағалау, оқушылардың сапалы тамақтануын қадағалау мақсатында айына екі рет бракеражды комиссия мүшелері тексеріп отырады.

«Ақшалай әлеуметтік көмек» 2023-2024 оқу жылында жалпыға бірдей оқу қорынан әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына балаларды оқуға дайындауға көмек ретінде Тегін киіммен және оқу құралымен қамтамасыз етілуге 41000 көлемінде жалпы оқу қорынан ақшалай көмек әр балаға табыстады. Ата-аналары балаларына алынған киім –кешек пен оқу құралдарына осы қаражатты жұмсағандығы жөнінде чектарын әкеліп өткізді.

«Мектепке жол» атты акция «Менің тандауым –балаларға көмек көрсету!» ұранымен өткізілді, осы акциядан демеушілермен қоса Мектепке қажетті оқу құралдарын және мектеп формасын және мектеп мұғалімдері де қалыс қалмай өз үлестерін қосыты осы акцияда 8 оқушы қамтылды.

Әкімнің жасыл шыршасына аз қамтылған-асыраушысынан айырылған - 1 оқушы қамтылды.

Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебінде «Әлеуметтік педагог» модульі қыркүйек айында құрылған. Модуль бойынша әлеуметтік педагогтарға мектептің әлеуметтік паспорты, есепте тұрған балалардың деректер базасы және берекесіз отбасылардың есе тұрғандығы жайлы мәліметтер базасын тіркеу ұсынылған.

Осыған орай мектепте 1-11 сыныптар аралығында 95 оқушы, даярлық сыныптан 11 оқушы еңгізілді.

Мектептің әлеуметтік төлқұжаттар бөлімі бойынша, аз қамтылған 20 оқушы тіркелген, көпбалалы 36 оқушы көрсетілген.

Жетім балалар бөлімі, ерекше білім беру қажеттіліктері бөлімі, берекесіз отбасы, мектеп ішілік есепте тұрған, ОДН да есепте тұрған оқушылар бөлімі бойынша, мектепте оқушылар тіркелген жоқ. Сонымен қатар есепте тұрған балалардың болмауына байланысты деректер базасы және берекесіз отбасылардың да есепте тұрғандығы жайлы ақпараттардың тіркелмеуіне байланысты бұл бөлімдер толтырылмады.

Әлеуметтік педагогтың жұмысы жоспар бойынша жалғасуда

Орындаған: Мұхамединова А.А.